<p>Кестеге сәйкес ҮІӨ</p>	<p>Музыка(Музыка жетекшісінің нұсқауымен) Дене тәрбиесі "Велосипедті басқару" Мақсаты: Велосипедпен жүру дағдыларын қалыптастыру, қимыл-қозғалысты үйлестіру. Ойын барысы: Балалар үш дөңгелекті велосипедке отырады, ересек адам көмектесіп, велосипедті жүргізуге үйретеді. Велосипедтің рөлін басқару, алдымен ересек адаммен, кейін өз бетінше сынап көру ұсынылады. Серуен кезінде велосипедті жүргізіп,</p>	<p>Дене тәрбиесі "Үш дөңгелекті велосипедке отыру" ойыны Мақсаты: Балаларды үш дөңгелекті велосипедке отыруға және оны басқаруға үйрету. Ойын барысы: Балаларға үш дөңгелекті велосипед беріледі. Тәрбиеші балаларды велосипедке отыруға үйретеді, алдымен көмек көрсетеді (мысалы, оларды ұстап тұрғызып немесе сәл алға итермелейді). Балалар рөлді қалай басқару керектігін үйренеді, бастапқыда</p>		<p>Дене тәрбиесі "Құмдағы іздер" Мақсаты: Қадамдар мен қозғалыстарды бақылау, ойын арқылы моториканы дамыту. Ойын барысы: Балалар құмды немесе жұмсақ жерді тауып, сол жерде қадамдармен іздер қалдыруы керек. Оларға тапсырма беріледі: "Үлкен іздер қалдыр!" немесе "Кішкентай іздер жаса!". Осылайша, балалар өз қимылдарын бақылап, әртүрлі қадамдар жасауға дағдыланады. Бұл ойын балалардың қозғалу қабілетін дамытады</p>	

	жеңіл бұрылыстар жасауға немесе бір бағытта жүруге дағдыланады. Ойын балалардың қызығушылығын арттырып, қозғалыс дағдыларын жетілдіреді	ересектердің көмегімен, кейін өз беттерімен тепкенде басқаруды түсінеді. Ойын барысында балаларға "велосипедтің дөңгелектерін айналдыру", "жолмен жүру" деген тапсырмалар беріледі.		және денсаулығын нығайтады.	
	«Қуыршақ үйін саламыз» «Үйге апаратын жолды саламыз» Мақсаты: Құрдастарымен құрылысқа қосылу, олармен ойнау, қарапайым құрылыс дағдыларын пысықтау: үстіне, жанына қою. (Құрастыру)	«Түрлі түсті сақиналар» Гуашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, ермексазбен сақина жасап мүсіндеу, түрлі түсті қағаздан жапсыру, қол, саусақ қимыл қозғалыс икемділігін бейімдей отырып дөңгелек пішін салуға үйрету. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)		Балаларды қарындашты дұрыс ұстауға үйретуді жалғастыру; таяқшалар – тік, тікбұрышты сызықтар салуды үйрету; пластилинмен жұмыс істеуге қызығушылық қалыптастыру; ұсақ моториканы дамыту. (Мүсіндеу, сурет салу)	
Серуенге дайындық	Серуенге шығатын кезде балалардың тәртіппен ұйымдасқан болуы үшін кезекпен орындарын алу, сағтта тұру, тәрбиешінің айтқанын тыңдау сияқты тәртіп дағдыларын үйрету	Балаларға серуенде жүріп өту ережелерін үйрету. Бұл ережелер қатарына: жол бойымен жүру, қол ұстасып жүру, тәрбиешіге немесе көмекшіге жақын болу сияқты ережелерді айту		Балаларға өздері киетін киімдерін таңдап алғызу, сыртынан бақылап бағыт-бағдар беріп отыру. Мамыр айындағы серуен үшін жеңіл, бірақ ауа райына сәйкес киімдер кигізу.	

Серуен	<p>№1 "Табиғатқа қамқор болу" Мақсаты: Экологиялық білім мен қамқорлық дағдыларын дамыту. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру, эксперименттік жұмыс</p>	<p>№2 «Қадамды сапа» Мақсаты: Балалардың қозғалыс дағдыларын дамыту, зейін мен сабырлықты тәрбиелеу. Адамгершілік дағдыларын қалыптастыру: бір-біріне көмектесу, топпен жұмыс жасау. Табиғатта серуендеу арқылы экологиялық білімді ұштасу. Адамгершілік, экологиялық білім, еңбекке баулу, қамқорлық дағдыларын қалыптастыру</p>		<p>№3 "Гүлдер әлеміне саяхат" Мақсаты: Балаларды табиғаттың сұлулығымен таныстыру, өсімдіктердің өсіп-өну процесін түсіндіру және экологиялық мәдениет дағдыларын дамыту. (Өңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру</p>	
Серуеннен оралу	<p>Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру, қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу</p>	<p>Балаларға топқа кірер алдында киімдерін ауыстыруды ескерту. Балаларға киімдерді өздері өзгертуге көмектесу, оларды жеке гигиенаны сақтауға шақыру. Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p>		<p>Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру, қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу</p>	
Түскі ас	<p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сұртуін талап ету. Балаларға: Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сұрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p>	<p>Үстел басына қолдарын жуған соң отырғызу. Орындыққа өзі отыру, тамақты ұқыпты ішу, майлықты қолдану дағдысын үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p>		<p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сұртуін талап ету. Балаларға: Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сұрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p>	
Күндізгі ұйқы	<p>Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге</p>	<p>Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру</p>		<p>Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру Балалар</p>	

	дағдыландыру Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, музыка)	Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету ұйықтар алдында балаларға кітап оқу (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, тыңдау дағдысын қалыптастыру)		ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, музыка)	
Ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу» Жұмсақ және қатты жолдар	Құстардың шырылын еліктейтін дыбыстар немесе табиғи музыка қосу. Бала ояғаннан кейін, төсекте отырып, жеңіл созылу жаттығуларын жасау. «Денсаулық жолдарымен жүргізу» Жұмсақ және қатты жолдар		Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, Көз жаттығуларын жасау «Денсаулық жолдарымен жүргізу» Түйіршікті, ұсақ және ірі моншақты жолдар	
Бесіп ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сұртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сұртуін талап ету. Балаларға үстелдегі тағамдарды атап, олардың түр-түсін, пішінін және дәмін сипаттау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)		Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сұртуін талап ету. Балаларға: Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сұрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	
Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжеттік-ролдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)	Әдемі шарлар Мақсаты: Бастыру әдісі арқылы төрт түсті шарды бір параққа түсіру. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	Ойын: «Асхана» Мақсаты: асхаға қандай заттар қажет және асхана туралы ұғымын түсіндіру. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)		Сюжетті-ролдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр» Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. (Құрастыру)	

Балалармен жеке жұмыс	Мониторинг бойынша Мухамад пен Айсанаға доптарды түстері бойынша бөліп кәрзеңкеге салдыру. Қызыл түсті мен көк түсті доптарды бөлу.	Мониторинг бойынша Исмайл мен Нұрканатқа Сөздік қорларын молайту. «Суреттегі үй жануарларының қалай дыбыстайды?» Мысалы Сиыр-мөөөө, мысық-мяу деп айтызу		Мониторинг бойынша Ахмад пен Зейнелге суреттегі ертегі кейіпкерлерінің атын атату. Мысалы Мынау – аю, мынау – Қоян.	
Серуенге дайындық	"Серуенге дайынбыз!" "Кім жылдам?" ойыны – Балалар ретімен тез әрі дұрыс киінеді. барлық балаларды мақтап, серуенге жақсы көңіл-күймен шығуын қамтамасыз ету (Барлық дағдыларды бекіту)	"Бір-бірімізге көмектесеміз" Балалар киіну көмек көрсету (мысалы, түймесін қадау, бас киімін кигізу).. Балалар «рахмет» және «өтінемін» сөздерін қайталап, әдептілікке дағдыланады. (Қайырымдылық пен достықты дамыту)		"Киім қайда тұрады?" Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сөреде, аяқ киім – төменгі сөреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалау (Тазалыққа және тәртіпке баулу)	
Серуен	№4 "Табиғаттың досы" Мақсаты: Балаларды табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, табиғаттағы өзгерістер мен оның әсемдігін түсінуге көмектесу. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру	№5 "Жел мен жапырақ" Мақсаты: Балалардың жел мен табиғаттың басқа да құбылыстарын сезінуіне ықпал ету, табиғаттың әртүрлі элементтерін тану. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру		№6 "Табиғаттағы дыбыстар" Мақсаты: Балаларды табиғаттың дыбыстарын тыңдауға үйрету, экологиялық мәдениет дағдыларын дамыту. Экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру	
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Балалардың қабілеттері жайлы әңгімелесу. Қызығушылықтары туралы айтып, үйде ойнайтын дамытушы ойындар ұсыну.		Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу. Пайдалы тағамдар туралы кеңестер беру.	

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы
 Тобы: «Ақбота» кіші тобы
 Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
 Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы, 2 - апта 2024 -2025 оқу жылы

«Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 12.05.2025ж	Сейсенбі 13.05.2025ж	Сәрсенбі 14.05.2023ж	Бейсенбі 15.05.2025ж	Жұма 16.05.2025ж
Балаларды қабылдау	Баладан бүгінгі көңіл күйі қандай екенін сұрау. . Киімін шкафқа өз орнына салуға көмек көрсету. Медбике тексеруі ҚР Гимн орындау	Балаға көңіл бөліп, оның үйде немен айналысқанын, көңіл-күйін сұрау. Егер бала мазасыздана, оны жұбату, қолдау көрсету «Күй күмбірі» - Тәттімбет Қазанғапұлы – "Саржайлау", "Бестөре" балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Баланы шкафқа киімін шешуге көмек көрсету Ұлттық құндылықты дәріптеу «Ұлттық киімдер»: Балаларға қазақтың ұлттық киімдері туралы айтып, суреттер көрсету. Киімдерді көрсетіп, олардың маңызын түсіндіру.	Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Баланың өзімен қатар балалармен байланыс жасауына көмек көрсету. Балаларға арналған көңілді әуенмен қарсы алу. Күй «Балбырауын» (Музыка)	Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл күйін көтеру. «Допты қағып ал» (Музыка, дене шынықтыру)
Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыру мақсатында ата-аналарға байланыс орнатуға көмектесу	Баланың қызығушылықтарын анықтау және оларды балабақшадағы іс-шараларға енгізу.	Баланың эмоцияларын түсіну және оларды дұрыс басқару туралы кеңестер беру	Ата-аналарды балабақша өміріне белсенді қатысуға ынталандыру. Балалардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыру мақсатында ата-аналарға байланыс орнатуға көмектесу	Баланың балабақшаға бейімделу процесі (мінез-құлқы, эмоциялары, басқа балалармен қарым-қатынасы) туралы әңгіме жүргізу
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	"Кім не істейді?" Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту; Зат пен әрекетті байланыстыруға үйрету (етістіктер); Қарапайым сөйлем құруға ынталандыру. Ойын барысы:	"Не қайда жатады?" Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту (зат атауы + орнын білдіретін сөздер); Танымдық түсініктерін дамыту (жоғары, төмен, жанында, ішінде); Қол қимылы арқылы ұсақ моториканы жетілдіру.	"Сөйле, қуыршағым!" Мақсаты: Қарапайым диалог түрінде сөйлеуге үйрету; Қуыршақ арқылы сөздік қорын дамыту; Сөйлеу белсенділігін арттыру. Ойын барысы: Тәрбиеші қуыршақты	"Құрастыр да айт!" Мақсаты: Заттарды салыстыру, ажырату (пішіні, түсі); Құрастыру арқылы сөйлеуін және қол моторикасын дамыту. Ойын барысы: Балаларға конструктор беріледі.	"Көкөністер мен жемістерді сұрыптайық" Мақсаты: Жеміс-көкөніс атауларын үйрету; Ұсақ моториканы жетілдіру (қасықпен, қысқышпен ұстау); Сөзді дұрыс айтуға

	<p>Тәрбиеші балаларға әртүрлі ойыншықтар немесе суреттер көрсетеді: Мысалы: мысық, бала, құс, ит. Содан кейін сұрайды: – Мысық не істейді? (Мяулайды, секіреді) – Ит не істейді? (Үреді, жүгіреді) – Құс не істейді? (Ұшады, ән салады) Балалар жауап беріп, қайталап, қысқа сөйлемдер құрайды. Ойын қуыршақ театры арқылы да өткізілуі мүмкін. Сөздік қорды дамыту</p>	<p>Ойын барысы: Тәрбиеші түрлі заттармен (ойыншық қасық, доп, кубик, машина) жұмыс жүргізеді. Мысалы: – Қасықты үстелдің <i>үстіне</i> қой. – Допты орындықтың <i>астына</i> қой. – Машинаны сөмкенің <i>ішіне</i> сал. Бала затты орнын тауып орналастырады және сөйлеу арқылы жауап береді. (Сөйлеуді дамыту, сенсорика)</p>	<p>таныстырады: – Сәлем! Менің атым – Айжан. Ал сенің атың кім? Балалар жауап береді. Қуыршақ сұрақтар қояды: – Не жейсің? Қандай ойыншық ұнайды? Балалар жауап бере отырып, диалогтық сөйлеуді үйренеді. (Сөздік қорды дамыту)</p>	<p>– Қандай пішін алдың? – деп сұрайды тәрбиеші. – Қызыл текше. – деп бала жауап береді. Үй, мұнара сияқты заттарды құрастырып, атауларын атайды. (Шығармалылық дағды, жапсыру, сөздік қорды дамыту, сенсорика)</p>	<p>ынталандыру. Ойын барысы: Қорапта алма, банан, сәбіз, қызанақ сияқты ойыншық жемістер. Бала қысқышпен алып, себетке салады. – Бұл не? – деп сұрайды тәрбиеші. – Бұл – сәбіз. – Ол қандай? – Сарғыш, ұзын. (Шығармалылық дағды, сөздік қорды дамыту, сенсорика)</p>
Таңертенгілік жаттығу	<p>№4 Жеңіл созылу (5 минут) Мойынды айналдыру: алға, артқа, оңға, солға. Қолды жоғары созу: аяқтар нық деңгейінде тұрып, қолды жоғары созу. Белді айналдыру: белді оңға және солға айналдыру</p>	<p>№5 Кардио жаттығулар (5-7 минут) Жерде жүгіру: бір орында тұрып, тізелерді жоғары көтеріп жүгіру (1-2 минут). Жеңіл секірулер: тік тұрып, жеңіл секірістер жасау (1-2 минут). Қолмен орындалатын жаттығулар: отырып тұру немесе шынтақты бүгіп итерулер (1-2 минут).</p>	<p>№6 Күш жаттығулары (5 минут) Отырып тұру: 15-20 рет. Планка: 30 секундтан бастап, уақытты біртіндеп ұзарту. Шынтақпен итеру: 10-15 рет.</p>	<p>№7 Релаксация және тыныс алу жаттығулары (3 минут) Терең тыныс алу: мұрынмен терең дем алып, ауыз арқылы ақырын шығару. Қолдар мен аяқтарды босатып, денені толық босаңсыту.</p>	<p>№8 Жеңіл созылу (5 минут) Мойынды айналдыру: алға, артқа, оңға, солға. Қолды жоғары созу: аяқтар нық деңгейінде тұрып, қолды жоғары созу. Белді айналдыру: белді оңға және солға айналдыру</p>
Таңғы ас	<p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Қасықты дұрыс ұстауға үйрету. Тамақты өз бетінше жеуге дағдыландыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p>	<p>Үстел басына қолдарын жуған соң отырғызу, Орындыққа өзі отыру, тамақты ұқынты ішу, майлықты қолдану дағдысын үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p>	<p>Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету. Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p>	<p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға: Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі</p>	<p>Дастархан басына қолдарын жуған соң отырғызу, Орындыққа өзі отыру, тамақты ұқынты ішу, майлықты қолдану дағдысын үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p>

				кызмет ету)	
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге Дайындық ҮІӨ	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірле	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Музыка(Музыка жетекшісінің нұсқауымен) Дене шынықтыру «Ролді бұр!» Мақсаты: Үш дөңгелекті велосипедтің ролін басқаруға үйрету, қозғалысты үйлестіруді дамыту. Барысы: Балалар велосипедпен арнайы сызылған жолмен (түзу, оңға, солға бұрылатын сызықтармен) жүреді. Тәрбиеші бағыт береді: «Солға бұр!», «Тоқта!», «Алға жүр!» т.б. Алғашында ересек адамның көмегімен, кейін өздігінен орындайды. (Физикалық дағдыларды қалыптастыру)	Дене шынықтыру «Бағдаршам» Мақсаты: Қимыл-қозғалысты басқару, тәртіпке баулу. Барысы: Тәрбиеші түрлі түсті белгілер (қызыл – тоқта, сары – дайындал, жасыл – жүру) көрсетеді. Балалар велосипедпен жүргенде белгіге сай әрекет жасайды. Бұл ойын балалардың назарын, түсініп әрекет ету қабілетін дамытады. (Физикалық , танымдық дағдыларды қалыптастыру)		Дене шынықтыру «Жел мен балақай» (шынықтыру шарасы) Мақсаты: Шынықтыру кезінде қозғалысқа деген қызығушылықты ояту, тыныс алуын реттеу. Барысы: Тәрбиеші балаларға қолдарын кең жайып, «жел болайық» дейді. Балалар жүгіріп жүріп, «ууу» деп дыбыс шығарады. Бұл кезде тыныс жаттығулары да орындалады. Ең бастысы — денсаулығына сай жүктеме беріледі. (Физикалық , танымдық дағдыларды қалыптастыру)	«Әдемі кілемшелер» Мақсаты: Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Барысы: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды. (Сенсорика, парнативтік компонент)
	"Түс бойынша сәйкестендіру" ойыны Мақсаты: Балалардың білімін бекіту; бірдей түсті заттарды тандап, оларды бірдей түстеріне қарай топтастыру; сөйлей алмайтын балалар үшін заттарды дұрыс көрсетуді үйрену дағдысын бекіту (тілі	Дидактикалық ойын «Кімдікі құйрық, кімдікі бас». Мақсаты: Бөлек бөліктерден бейнені құрастырудың конструктивті тәсілін қолдану. (Жапсыру) Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп	Дидактикалық ойын «Тышқанды жасыру»: Мақсаты: Заттарды түстер бойынша іріктеу дағдыларын дамыту: қызыл есік – қызыл үйшікке және т. б. (Сенсорика) Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. (құрастыру)	Алақай, ойын! "Шалқан" ертегісін театрландыру. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын: «Түсіне қарай айыр» Мақсаты: балалардың ой-қиялын дамыту. (құрастыру) «Аңсардың жаңғазы» (суретке қарап әңгімелеу)	«Әдемі гүл» Мақсаты: Түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. (сурет салу,жапсыру)

	шықпаған балалар үшін) (Сенсорика)	алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. (Мүсіндеу)		Мақсаты: Дұрыс сөздерді айтады. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ыргағының қарапайым тәсілдерін қолданады. (Көркем әдебиет)	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. (Мүсіндеу)
Серуенге дайындық	"Киімді дұрыс кию" балаларға көктемде қандай киімдер кию керектігін көрсету "Алдымен іш киім, содан кейін шалбар, жемпір, сосын күртеше" деп ретімен түсіндіру Балалар тәрбиешінің көмегімен өз бетінше киюге көмектесу (Өзін-өзі күту дағдысын дамыту)	"Бір-бірімізге көмектесеміз" Балалар киюге көмек көрсету (мысалы, түймесін қадау, бас киімін кигізу).. Балалар «рахмет» және «өтінемін» сөздерін қайталап, әдептілікке дағдыланады. (Қайырымдылық пен достықты дамыту)	"Менің көктемгі киімім" Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бөтенке, бас киім). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу. (Сөздік қорды байыту)	"Киім қайда тұрады?" Балалар киімдерін шкапка дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сәреде, аяқ киім – төменгі сәреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу (Тазалыққа және тәртіпке баулу)	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кию білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. (Өзін-өзі күту дағдысын дамыту)
Серуен	№7«Жапырақты тап!» Мақсаты: Ағаштардың жапырақтарын салыстыру, түстері мен пішіндерін ажырату. (Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру зерттеу іс-әрекеті)	№8«Табиғатты боя!» Мақсаты: Табиғи нысандарды (ағаш, гүл, күн, бұлт) таңу және бояу арқылы бейнелеу. (Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру сурет салу)	№9 «Табиғатқа саяхат» Мақсаты: Қоршаған ортамен таныстыру, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. (Саяхат ойын. Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру, еңбекке баулу)	№10 «Кім қайда тұрады?» Мақсаты: Жәндіктер мен олардың мекендерін ажырату, табиғатқа деген қызығушылықты арттыру. (Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру)	№11 «Ағашты киіңдір!» Мақсаты: Жапырақ түсінігін қалыптастыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру зерттеу іс-әрекеті)
Серуеннен оралу	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен кию және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен кию және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру, қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу	Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен кию және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Еңбекке баулу

Түскі ас	«Тамақ ішкенде сөйлемейміз» жаттығуы. Міндеттері: Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	«Жылы су, жылы су» таппак қайталау. Міндеттері: Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе таппақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	«Құрғақ, жұмсақ орамал» ойын жаттығуы Міндеттері: қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	«Қасықты дұрыс ұстаймыз» жаттығуы Міндеттері: Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	«Қолымызды дұрыстап жуамыз» жаттығуы. Міндеттері:Жендерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, тыңдау дағдысын қалыптастыру)	Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету ұйықтар алдында балаларға кітап оқу (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, тыңдау дағдысын қалыптастыру)	Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, тыңдау дағдысын қалыптастыру)	Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, тыңдау дағдысын қалыптастыру)	Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, музыка)
Ұйқыдап ояту, Сауықтыру шаралары	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, ұсақ және ірі моншақты жолдар	Құстардың шырылын еліктейтін дыбыстар немесе табиғи музыка қосу. Бала ояғаннан кейін, төсекте отырып, жеңіл созылу жаттығуларын жасау. «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, ұсақ және ірі моншақты жолдар	Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, ұсақ және ірі моншақты жолдар	Балаларға қиял әлемін сыйлап, ояуды қызықты ету.Балалардың төсектерінің қасында тұрып, қысқа ертегі айтудан бастау: "Қояндар оянды, орман оянды, енді біздің балаларымыз да оянады!" «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Түйіршікті, ұсақ және ірі моншақты жолдар
Бесіп ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға	Үстел басына қолдарын жуған соң отырғызу,Орындыққа өзі отыру,тамақты ұқыпты ішу, майлықты қолдану дағдысын үйрету (мәдени-гигиеналық	Бала өзі орындықты жылжытып тұру дағдысын, алғыс айтуды үйрету.Сорпа тамақты өз бетінше ішіп, майлық қолдануға көмектесу. (мәдени-гигиеналық	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға:Үстелді таза ұстау.	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету.Қасықты дұрыс ұстауға үйрету.тамақты өз бетінше жеуге дағдыландыру (мәдени-гигиеналық

	үйрету Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)
Балалардың дербес әрекеті (қиямылдық ұлттық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)	«Қошақан» Мақсаты: Үй жануары қошақан бейнесін жыртыу тәсілі арқылы жапсыру, Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. (көркем әдебиет) Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. (Құрастыру)	Шалғындағы бақбақтар Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.балаларды егістікте өсіп тұрған бақбақ гүлінің пішінін, әдемілігін сурет арқылы жеткізуге үйрете отырып, бояумен жұмыс істеу, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.(сурет салу,жапсыру) «Ұшақ»Мақсаты:Ермексаз кесектерін алақан арасында дөңгелектеу арқылы, бөліктерінен ұшақ жасай алады. (мүсіндеу).	Балықтар жүзеді Мақсаты: Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін түсіне отырып, майшамның және трафареттің көмегімен аквариумдағы балықты сала алады. Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастыру және құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу,жапсыру)	Үстел-үсті ойыны Мақсаты:конструкторларды бір-біріне үстінен және жанынан біріктіре білуге үйрету. Балалардың өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын қадағалау. (Құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс	Мониторинг бойынша Сырым мен Асылбекке допты қағып алау дағдыларын қалыптастыру.	Мониторинг бойынша Логикалық тапсырмалар: Ерасыл мен Айымға «Суреттен не көріп тұрғаныңды айтып бер». Ағаш пен бұта, бұта мен шөп несімен ұқсас және айырмашылықтары неде?	Мониторинг бойынша Кітаптар сөресі Кітаптарды ретке келтіру. Кітаптарды күтіп ұстауға үйрету.	Мониторинг бойынша Махаббат пен Еңлікке Таныс ертегілердің үзінділерін сахналауға ынталандыру.	Мониторинг бойынша Имранбек пен Асылымға «Сөзді аяқта» Балалардың ойлау қабілеттерін тілдерін дамыту.

Серуенге дайындық	"Киімді дұрыс киемін" балаларға көктемде қандай киімдер кию керектігін көрсету "Алдымен іш киім, содан кейін шалбар, жемпір, сосын күртеше" деп ретімен түсіндіру Балалар тәрбиешінің көмегімен өз бетінше киінуге көмектесу(Өзін-өзі күту дағдысын дамыту)	"Бір-бірімізге көмектесеміз" Балалар киіну көмек көрсету (мысалы, түймесін қадау, бас киімін кигізу).. Балалар «рахмет» және «өтінемін» сөздерін қайталап, әдептілікке дағдыланады. (Қайырымдылық пен достықты дамыту)	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Мемлекеттік тілді меңгерту	Өздігінен реттілікпен киінуді үйрету Балаларға қысқы табиғаттың ерекшеліктері туралы қысқаша түсінік беру, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға,Мысалы: күртеше, Етік, Қолқап, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Мемлекеттік тілді меңгерту
Серуен	№12 «Алаңды тазалаймыз» Мақсаты: Еңбек дағдысын қалыптастыру, қоршаған ортаны күтуге тәрбиелеу. (Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту	№13«Құстарға жем шашайық» Мақсаты: Жануарларға қамқорлық таныту, табиғатпен таныстыру. (Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту	№14«Кішкентай» Мақсаты: Қоршаған ортаны бақылау, танымдық қабілетін дамыту. (Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту	№15 «Кім не тереді?» Мақсаты: Ағаштар мен жемістерді тану, еңбекке баулу. (Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту, қоршаған ортамен таныстыру	№16«Бұл не өсімдік?» Мақсаты: Өсімдіктер әлемімен таныстыру, тіл байлығын дамыту. (Еңбекке баулу ,коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы

Тобы: «Ақбота» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы, 3 - апта 2024 -2025 оқу жылы

«Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек.»(Төле би)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 19.05.2025ж	Сейсенбі 20.05.2025ж	Сәрсенбі 21.05.2025ж	Бейсенбі 22.05.2025ж	Жұма 23.05.2025ж
Балаларды қабылдау	Әр баланы есіктің алдында күлімдеп қарсы алу, ата-анасымен амандасу. Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау	Балаларды әсем әуенмен, көтеріңкі көңіл күймен құшақтап қарсы алу. «Күй күмбірі» « Шашу» «Біртұтас тәрбие» жоспары (музыка)	Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Ұлттық құндылықты қалыптастыру «Асық ату» ойыны «Бір тұтас тәрбие жопары»	Жұмсақ, көңілді музыка қою арқылы баланың көңіл-күйін көтеру. (Музыка)	Жақсы көңіл күй тілеу,Топқа балалар келген кезде балаларды реттілікпен шешінуге, киімдерін шкафқа жинап қоюды үйрету. «Допты қағып ал» (Музыка, дене шынықтыру)
Ата-аналармен немесе баланың басқала заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: «Балалардың балабақшадағы бір күні» тақырыбында сөйлесу.	«Әр түрлі жұқпалы аурулардан сақтан» тақырыбында кеңес беру	Баланың эмоцияларын түсіну және оларды дұрыс басқару туралы кеңестер беру	Сұхбаттасу: балалардың ерекше қабілеттері туралы анықтау	Сұхбаттасу. «Менің сүйікті кітабым» тақырыбында балаларға қандай кітаптар оқып беруге болатыны жөнінде кеңес беру.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, тапымдық, коммуникативтік, шығармашылық эксперименталдық, елбек,қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	"Пішіндерді жинайық" Мақсаты: Пішіндерді анықтау, біртекті заттарды пішіні бойынша топтастыру дағдыларын дамыту. Ойын барысы: Балаларға әртүрлі пішіндер (шар, төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек) бейнеленген карточкалар немесе ойыншықтар беріледі. Тәрбиеші балаларға осы пішіндерді сұрыптап, дұрыс жинау керек екенін	"Құммен сурет салу" Мақсаты: Саусақ моторикасын жетілдіру, кішкентай заттармен жұмыс істей білу. Ойын барысы: Балаларға жұмсақ құм немесе түйіршіктелген материалдар беріледі. Балалар саусақтары арқылы құмға әртүрлі пішіндер мен сызбалар салады (мысалы, дөңгелек, сызық, түзу сызықтар). Ойын барысында балалар	"Жануарлардың дауыстары" Мақсаты: Жануарлардың дыбыстарын тану, оларды дұрыс айтуға үйрету, сөйлеу дағдыларын дамыту. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға жануарлардың суреттерін көрсетеді (мысалы, қозы, бұзау, мысық, ат). Балаларға әр жануардың дауысы мен қимылын	"Көзбен көріп, қолмен жаса" Мақсаты: Сенсомоторлық дағдыларды дамыту, балалардың қолдары мен көздерінің үйлесімді жұмысын қалыптастыру. Ойын барысы: Балаларға әртүрлі элементтер (шарлар, кішігірім түймелер, түрлі түсті жіптер) беріледі. Тәрбиеші балаларға осы заттармен белгілі бір әрекеттерді жасауды ұсынады: "Шарды алып,	"Түстер әлемі" Мақсаты: Балалардың түстерді ажырату дағдыларын дамыту, саусақ моторикасын жетілдіру. Ойын барысы: Балалар түрлі түсті шарлармен танысады. Ойыншы әр түсті шарды жеке-жеке көрсетіп, оның атын айтып, балалардан сол түсті табуды сұрайды. Балалар шарларды белгілі бір түстер бойынша жинақтап, оларды сәйкес

	<p>түсіндіреді. Балалар карточкаларды немесе ойыншықтарды пішіндері бойынша бөледі. Бұл ойын барысында балалардың көз бен қолдың үйлесімділігі, сондай-ақ ұсақ моториканың дамуы байқалады. Қол моторикасын дамыту (Сенсорика)</p>	<p>тек қолдарын ғана емес, сонымен қатар көздерін де тиімді қолдануды үйренеді. Қол моторикасын дамыту (Сурет, сенсорика)</p>	<p>айту ұсынылады: Балалар жануарлардың дауыстарын дұрыс айтуға тырысады және оларды айтып отырып, тиісті кимылдарды жасайды. Қол моторикасын дамыту (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>оны домалатып көр", "Жіпті өзіне бұра" деген сияқты тапсырмалар беріледі. Қол моторикасын дамыту (Сенсорика)</p>	<p>келетін түске бөліп орналастырады. Ойын барысында балалар ұсақ моториканы дамыту үшін шарларды саусақтарымен жинайды Қол моторикасын дамыту (Сенсорика)</p>
Таңертенгілік жаттығу	<p>№9«Құмырсақалар мен көбелектер» -Балалар екі топқа бөлінеді: құмырсақалар мен көбелектер. -Құмырсақалар жерге еңбектей отырып, белгіленген орынға дейін қозғалады. -Көбелектер жеңіл қадаммен жүріп, қолдарын кең жайып, ұшып жүргендей болады. -Ойын барысында балалардың бірігуі, бірге қозғалуына көңіл бөлінеді.</p>	<p>№10«Тауға көтерілейік» -Балалар бір-бірінен біраз қашықтықта тұрып, бір-бірінің қолдарын ұстайды. -Олар бірге «тауға көтерілу» әрекетін жасайды: аяқтарын жоғары көтеріп, денелерін түзеп, «тау шыңына жетеміз» деп айтып қозғалады. -Балалар бір уақытта қозғалады, бұл жаттығу көңілді әрі сергітетін болады.</p>	<p>№11«Жел мен ағаш» Балалар тұрып, бір-бірімен айнала қозғала отырып, «жел» сияқты желпіліп қозғалады. Қызыл түсті «ағаш» белгісі пайда болған кезде балалар дереу тыныш тұрып, ағаш сияқты тұруы керек. Бұл ойын баланың зейінін жетілдіреді әрі көңіл-күйді көтереді.</p>	<p>№12 «Таңертенгі созылу» жаттығуы Жаттығу барысы: Балалар орындықта немесе тұрып қолдарын жоғары көтереді. Қолдарын жоғары созып, денелерін тарту үшін бірнеше секунд ұстайды. Содан кейін, қолдарын төмен түсіріп, тыныс алу арқылы денелерін босатады. Бұл жаттығуды бірнеше рет қайталау.</p>	<p>№13 «Аяқтарды айналдыру» жаттығуы Жаттығу барысы: Балалар бір аяқпен тұрып, екінші аяқтарын жоғары көтеріп, шеңбер жасап айналдырады. Одан кейін аяқтарын ауыстырып, екінші аяқпен сол жаттығуды орындайды. Әр аяқ үшін 5-6 рет айналдыру.</p>
Таңғы ас	<p>Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту Таңғы аспен таныстыру Сүтке піскен күріш ботқасы май жағылған нан сүтті тәтті шай Мәдениетті тамақтану дағдысын үйрету</p>	<p>Балаларға дастарханның үстінде барлық қажетті заттардың бар екендігін көрсету. Балаларды өз орындарына дұрыс отырып тамақтануға үйрету. Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету</p>	<p>Балаларға тамақ ішудің мәдениетіне, әдептілік пен тәртіпке үйрету. Балаларды тамақ ішкенде ауыздан шоқтамай, баяу әрі ұқыпты ішуге дағдыландыру. Коммуникативті дағдыны қалыптастыру</p>	<p>Балаларға дастархан басында дұрыс отыру ережелерін түсіндіру. Отырып тамақ ішу кезінде денені тік ұстау, ешқандай дауыс шығарып жеуге болмайтындығын түсіндіру. Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету</p>	<p>Тамақ ішіп отырған кезде бір-біріне сыпайы сөйлесуді үйрету. Мысалы, «Әжемнің дайындалған көжесі өте дәмді» деп айту. Балаларға тамақ жеп жатқанда ауыздарын жабық ұстау керектігін үйрету. Коммуникативті дағдыны қалыптастыру</p>

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге Дайындық ҮІӨ</p>	<p>Құралдарды дағдыларға қарай дайындау Өнегелі мінез-құлықты қалыптастыру Мақсаты: Балаларға өнегелі, мейірімді және құрметті мінез-құлықтың маңыздылығын үйрету. Қызықты бастама: Балалармен бірге «ең жақсы дос» болу туралы әңгіме жүргізу, бір-біріне көмектесу мен қамқор болудың маңыздылығын түсіндіру. Құрмет, мейірімділік және төзімділік туралы мысалдар келтіру.</p>	<p>Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру «Өнегелі 15 минут» Мақсаты: Балаларға бір-біріне көмектесудің және достықтың маңыздылығын үйрету.</p>	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау Су қауіпсіздігі Мақсаты: Балаларға суга жақын жерлерде қауіпсіздікті сақтау қажеттілігін түсіндіру. Іс-әрекет: Су қоймаларының жанында ересектерсіз ойнамау керектігін түсіндіру. Балалармен судың қауіпті жерлерін көрсету арқылы түсіндіру (мысалы, терең суга бармау). Құралдар: Су қоймаларының суреттері, бассейндерде сақтық шараларын түсіндіретін мультфильмдер.</p>	<p>Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру Үнемді пайдалану "Киімді күтіп кию" (Киімді ұқыпты қолдануға үйрету) Мақсаты: Балаларға киімді үнемді пайдалану және оны күтіп киюді үйрету. Құралдар: Балалардың киімдері (күртеше, жейде, бас киім). Өткізу барысы: Балаларға киімдерді үнемдеп, таза киіп жүрудің маңыздылығын түсіндіру. Ойын барысында киімдерді дұрыс кию және оны сақтап, ұқыпты болуды үйренеді.</p>	<p>Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау Көшедегі қауіпсіздік Мақсаты: Көшеде серуендеу кезінде балаларды қауіпсіздік ережелеріне үйрету. Іс-әрекет: Педагог балаларға ересектерсіз көшеге шықпау керектігін түсіндіреді. Көшеде бейтаныс адамдармен сөйлеспеу туралы айту. Балалармен серуен кезінде жолда қалай жүру керектігі туралы мысалдар келтіру және олардың назарын қауіпті жерлерге аудару.</p>
<p>Кестеге сәйкес ҮІӨ</p>	<p>Музыка(Музыка жетекшісі нұсқауымен) Дене тәрбиесі Үш дөңгелекті велосипедке міну» Мақсаты: Үш дөңгелекті велосипедке отыруға, басқаруға және оған мінуге дағдыландыру. Ойын барысы: Балаларға үш дөңгелекті велосипед беріледі. Тәрбиеші балаларға велосипедке отыруды, педаль басуды, рөлді бұруды көрсетеді. Одан кейін балалар өз бетінше велосипедке отырып, педаль басу және рөлді</p>	<p>Дене тәрбиесі «Велосипедпен кедергілерден өту» Мақсаты: Велосипедті басқаруды және тепе-теңдікті үйрету. Ойын барысы: Балалар кедергілер (қораптар, жіптер, кіші төбешіктер) арқылы өту үшін велосипедпен жүреді. Тәрбиеші балаларды бір-бірден бағыттап, велосипедпен керекті бағытқа жүріп, кедергілерді айналып өтуге көмектеседі. (Физикалық, танымдық дағдыларды</p>		<p>Дене тәрбиесі «Кедергілер жолы» Мақсаты: Жүру, секіру және тепе-теңдік дағдыларын дамыту. Ойын барысы: Жол бойында бірнеше кедергілер (жіптер, қораптар, кішкентай шарлар) қойылады. Балалар осы кедергілерді айналып өту керек. Бұл жаттығу балалардың жылдамдық пен тепе-теңдікке деген қабілетін арттырады. (Физикалық, танымдық дағдыларды қалыптастыру)</p>	<p>«Мынау қай пішін?» Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. Ойын барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 3 – түрі. (Сенсорика, вариативтік компонент)</p>

	басқару жаттығуларын жасайды. (Физикалық, танымдық дағдыларды қалыптастыру)	қалыптастыру)			
	«Орындық» Міндеттері: Анасымен баласы отыратын орындықтар жасату, қарапайым құрастырудағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюды пысықтау. (Құрастыру) Ұжымдық жұмыс. Алдын ала жасалған бәйтерекке жапырақтарын ермексаздан жасап жабыстырғызу. (мүсіндеу)	Кітаптар қарату. Міндеттері: Қарапайым (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және бірте-бірте күрделі (Нені ұстады? Нені әкеледі?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	«Доптар» Міндеттері: Кіші көлемді доптарды шелектерге салғызу, оларды басқа шелекке аударып салуды, оларды күрекшемен алып бір біріне ауыстырып салуды үйрету. (сенсорика) Ләпбукта дербес жапсыру әрекеті. (жапсыру)	«Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері» Міндеттері: Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, Қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулуды пысықтау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Сахналанған таныс ертегілерді тамашалап эмоцияларын танытуды дамыту өз қалаумен сазбалшықты қолдануға мүмкіндік беру (көркем әдебиет) (мүсіндеу) Геометриялық пішіндерден "Кілем" жасау. (Жапсыру)
Серуенге дайындық	"Менің көктемгі киімім" Балалар серуенге киетін киімдерін атайды (күртеше, бәтөнке, бас киім, қолғап). Балаларға киім атауларын дұрыс айтуға көмектесу. (Сөздік қорды байыту)	"Киім қайда тұрады?" Балалар киімдерін шкафқа дұрыс орналастыруды үйренеді. «Киімдер қайда тұрады?» ойыны – Балаларға әртүрлі заттарды көрсетіп, қайсысы қайда тұратынын айтады (бас киім – жоғарғы сәреде, аяқ киім – төменгі сәреде). балалардың өз киімдерін дұрыс жинауын қадағалу (Тазалыққа және тәртіпке баулу)	"Серуенге дайынбыз!" ."Кім жылдам?" ойыны – Балалар ретімен тез әрі дұрыс киінеді. барлық балаларды мақтап, серуенге жақсы көңіл-күймен шығуын қамтамасыз ету (Барлық дағдыларды бекіту)	Сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға. Мысалы: күртеше, Етік, Қолғап, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Мемлекеттік тілді меңгерту	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Мемлекеттік тілді меңгерту
